

Бұқар жырау ауданының аумағында барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 15 мамырдағы № 22/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 17 мамырда № 5343 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 27.01.2023 № 07/01 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Бұқар жырау аудандық аумақтық сайлау комиссиясымен бірлесіп барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 27.01.2023 № 07/01 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Алынып тасталды - Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 27.01.2023 № 07/01 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Осы қаулының 3 қосымшасына сәйкес Бұқар жырау ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Сапар Каиркенович Сатаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

III. Мамалинов

Қарағанды облысы
Бұқар жырау ауданы әкімдігінің
2019 жылғы 15 мамырдағы
№ 22/01 қаулысына
1-қосымша

Бұқар жырау ауданының аумағында барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 20.05.2026 № 37/02 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

№	Елді мекеннің атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар
1	Ботақара кенті	1. Қазыбек би көшесі ("Бұқар жырау аудандық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы); 2. Абылай хан көшесі ("Универсал" дүкенінің оң жағында)
2	Ғ.Мұстафин кенті	Корниенко көшесі ("Шанырақ" дәмханасының сол жағында)
3	Қушоқы кенті	Горняцкая көшесі ("Бұқар жырау аудандық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимаратының оң жағында.)
4	Петровка ауылы	Школьная көшесі ("Продукты" дүкенінің оң жағында)
5	Жаңақала ауылы	Ақжол көшесі ("Қарағанды облысының білім басқармасының Бұқар жырау ауданы білім бөлімінің "К.Боранбаев атындағы негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағында)
6	Ботақара ауылы	Тәттімбет көшесі ("Саликова" ЖК дүкенінің жанында)
7	Көкпекті ауылы	Торговая көшесі ("Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Көкпекті ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағында)
8	Байқадам ауылы	Школьная көшесі ("Бұқар жырау аудандық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны клубы ғимаратының оң жағында)
9	Сарытөбе ауылы	Школьная көшесі ("Бұқар жырау аудандық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны клубы ғимаратының оң жағында)
10	Тоғызқұдық ауылы	Орталық көшесі ("Бұқар жырау аудандық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мәдениет үйі ғимаратының сол жағында)

11	Қаракұдық ауылы	А.Қыздарбеков көшесі ("Бұқар жырау аудандық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны клубы ғимаратының сол жағында)
12	Доскей ауылы	Доскей көшесі ("Аккудык" жәмханасының сол жағында)
13	Үштөбе ауылы	Абай көшесі ("Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Үштөбе ауылдық округі әкімінің аппараты " мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағында)
14	Сарыарқа ауылы	Достық көшесі ("Қарағанды облысының білім басқармасының Бұқар жырау ауданы білім бөлімінің "Заречное жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағында)
15	Құрылыс ауылы	Ы.Алтынсарин көшесі ("Қарағанды облысының білім басқармасының Бұқар жырау ауданы білім бөлімінің "Ақжар негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағында)
16	Атамекен ауылы	Мұстафин көшесі ("Қарағанды облысының білім басқармасының Бұқар жырау ауданы білім бөлімінің "С.Т. Елгізев атындағы негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағында)
17	Суықсу ауылы	Бейбітшілік көшесі ("Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Суықсу ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағында)
18	Шешенқара ауылы	Пискунов көшесі ("Қарағанды облысының білім басқармасының Бұқар жырау ауданы білім бөлімінің "Шешенқара жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағында)
19	Белағаш ауылы	Школьная көшесі ("Бұқар жырау аудандық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны клубы ғимаратының оң жағында)

20	Ақбел ауылы	Юбилейная көшесі ("Бұқар жырау аудандық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны клубы ғимаратының оң жағында)
21	Үміткер ауылы	Қ.Бабаев көшесі ("Бұқар жырау аудандық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны клубы ғимаратының сол жағында)
22	Үлгі ауылы	Қ.Сатбаев көшесі ("Бұқар жырау аудандық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны клубы ғимаратының сол жағында)
23	Керней ауылы	Алаш көшесі ("Камила" дүкенінің сол жағында)
24	Ақжар ауылы	Мектеп көшесі ("Қарағанды облысының білім басқармасының Бұқар жырау ауданы білім бөлімінің "Сартау жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағында)
25	Алғабас ауылы	Достық көшесі ("Бұқар жырау аудандық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны клубы ғимаратының сол жағында)
26	Бұқар жырау ауылы	Сарыжайлау көшесі ("Қарағанды облысының білім басқармасының Бұқар жырау ауданы білім бөлімінің "Бұқар жырау негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағында)
27	Ақөре ауылы	Достық көшесі ("Бұқар жырау аудандық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны клубы ғимаратының қарсы бетінде)
28	Тұзды ауылы	Школьная көшесі ("Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Тұзды ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)
29	Баймырза ауылы	Б.Момышұлы көшесі ("Мечта" дүкенінің оң жағында)
30	Астаховка ауылы	Бейбітшілік көшесі (бұрынғы мектепке қарама-қарсы)

31	Центральный ауылы	Садовая көшесі ("Бұқар жырау аудандық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ауылдық мәдениет үйі ғимаратының сол жағында)
32	Гагарин ауылы	Гагарин көшесі ("Гагаринское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің әкімшілік ғимаратының сол жағында)
33	Самарқанд ауылы	Ленинская көшесі ("Бұқар жырау аудандық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ауылдық мәдениет үйі ғимаратының қарсы бетінде)
34	Чкалово ауылы	Чкаловская көшесі ("Успех" дүкеніне қарама-қарсы)
35	Қызылқайын ауылы	Лесная көшесі ("Бұқар жырау ауданының орталық аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының ауылдық амбулаториясы ғимаратының қарсы бетінде)
36	Ростовка ауылы	Центральная көшесі ("Бұқар жырау аудандық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ауылдық мәдениет үйінің оң жағында)
37	ҚызылЖар ауылы	Жастар 20А көшесі (Бұқар жырау ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Арлан" спорт клубы" КММ спорт залы ғимаратының оң жағында)
38	Красная Нива ауылы	Школьная көшесі (("Қарағанды облысының білім басқармасының Бұқар жырау ауданы білім бөлімінің "Красная Нива негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағында)
39	Жаңаталап ауылы	Амангелді көшесі ("Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Жаңаталап ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің оң жағында)
40	Қаражар ауылы	Тәуелсіздік көшесі ("Жетысу" дүкенінің оң жағында)
41	Асыл ауылы	Ғ.Мұстафин көшесі ("Әділ" дүкенінің ғимараты)

42	Волковское ауылы	Волковское көшесі ("Надежда" дүкенінің ғимараты)
43	Новоузенка ауылы	Новоузенская көшесі ("Бұқар жырау аудандық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны клубы ғимаратының сол жағында)
44	Нұра станциясы	Шоссейная көшесі ("Али" дүкеніне қарама-қарсы)
45	Тасауыл ауылы	Орталық көшесі ("Бұқар жырау аудандық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны клубы ғимаратының сол жағында)
46	Май-Өзек ауылы	Май-Өзек көшесі ("Tir Parking" кемпингінің сол жағында)
47	Андрениковка ауылы	Школьная көшесі ("Қарағанды облысының білім басқармасының Бұқар жырау ауданы білім бөлімінің "Андрейников негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағында)
48	Ақтөбе ауылы	Алаш көшесі ("Бұқар жырау аудандық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны клубы ғимаратының оң жағында)
49	Ынтымақ ауылы	Ынтымақ ауылы ("Бұқар жырау аудандық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны клубы ғимаратының оң жағында)

Бұқар жырау ауданы әкімдігінің
2019 жылғы "___" _____
№_____ қаулысына
2 қосымша

Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттығына және мәслихат депутаттығына кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар тізбесі

Ескерту. 2-қосымша алынып тасталды - Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 27.01.2023 № 07/01 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Бұқар жырау ауданы әкімдігінің
2019 жылғы "___" _____
№_____ қаулысына
3 қосымша

Бұқар жырау ауданы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі

1) Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 21 ақпандағы "Кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жайлар беру және үгіттік баспа материалдарды орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" № 04/01 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 8-11-112 болып тіркелген, 2011 жылғы 3 наурызда № 9 "Сарыарқа" аудандық газетінде жарияланған) қаулысы;

2) Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 4 наурыздағы "Аудан әкімдігінің 2011 жылғы 21 ақпандағы № 04/01 "Кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жайлар беру және үгіттік баспа материалдарды орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" № 09/01 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3029 болып тіркелген, 2015 жылғы 26 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2015 жылғы 14 наурызда № 10 (1096) "Бұқар жырау жаршысы" аудандық газетінде жарияланған) қаулысы;

3) Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 5 желтоқсандағы "Депутатқа кандидаттардың сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жайлар беру және үгіттік баспа материалдарды орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" № 35/04 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 8-11-126 болып тіркелген, 2011 жылғы 31 желтоқсандағы № 52 "Сарыарқа" аудандық газетінде жарияланған) қаулысы;

4) Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы "Аудан әкімдігінің 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 35/04 "Депутатқа кандидаттардың сайлаушыларымен кездесуі үшін үй-жайлар беру және үгіттік баспа материалдарды орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" № 02/01 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3644 болып тіркелген, 2016 жылғы 12 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2016 жылғы 6 ақпанда № 5 (1143) "Бұқар жырау жаршысы" аудандық газетінде жарияланған) қаулысы.